

Талас ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 22-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 мамырда № 3809 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы мәслихатының 11.12.2020 № 52-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Талас ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Талас ауданының елді мекендерінде жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-14 шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2911 болып тіркелген, 2016 жылдың 02 ақпандағы облыстық "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімінің орындалуына бақылау Жамбыл облыстық маслихаттың агроенеркесіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрайымы
Г.Нұрымова

Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Б. Қарашиболақов

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 6 сәуірдегі "Талас ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы" №22-6 шешіміне келісім парагы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

С.Н.Солтанбеков
6 сәуір 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Жамбыл облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы

Б.К.Жаркынбеков
6 сәуір 2018 жыл

Жамбыл облыстық мәслихатының
2018 жылғы 6 сәуірдегі
№ 22-6 шешімімен бекітілген

Талас ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Талас ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі - Заң), аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау мақсатында әзірленді. Қағидалар жануарларды асырау, есіру және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) жануарлар – фаунаға жататын биологиялық объектілер: ауыл шаруашылығы, үй және жабайы жануарлар;

2) ветеринариялық іс-шаралар - жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жүқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жүқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі;

4) ветеринариялық құжаттар – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары беретін ветеринариялық сертификат; мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы, жануарға, жануарлардан алынатын өнімге және шикізатқа жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімнің және шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөнінде өндірістік бақылау белімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық анықтама;

5) ветеринариялық паспорт – уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануарлардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;

6) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптарды белгілейтін, сондай-ақ ветеринариялық нормативтердің негізінде

ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық акт;

7) ветеринариялық-санитариялық сараптама – жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы айқындау;

8) дезинфекция - инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жою жөніндегі шаралар кешені;

9) дезинсекция - жәндіктер мен басқа да буынақтыларды жою жөніндегі іс-шаралар кешені;

10) дератизация – кеміргіштерді жою жөніндегі іс-шаралар кешені;

11) ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - ветеринария саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Жануарларды тіркеу тәртібі

3. Жануарларды тіркеу бірдейлендіру жолымен адам мен жануарларға ортақ қауіпті жүқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу, адамдарды жануардың жарақаттауы немесе басқалай залалын болдырмау, жоғалып кеткен жануарларды іздестіру және жануарлардың санын реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі барлық жануарлар, оның ішінде ауыл шаруашылығы, үй, жабайы, сонымен қатар иесінен ерекше жауапкершілікті талап ететін жыртқыш және улы жануарлар ауылдар мен ауылдық округтердің әкімі аппараттарында міндетті есепке алуға және тіркеуге жатады.

5. Жануарларды тіркеу және қайта тіркеу кезінде олардың иелері келесі мәліметтерді тапсырады: иесінің жеке басын куәландыратын құжат, мекен-жайы туралы мәлімет, байланыс телефонының нөмірі, жануардың түрі және тұқымы, жынысы, аты, туған жылы, түсі, ерекше белгілері немесе сипаттамасы.

6. Әрбір тіркелген жануарға сәйкестендіру нөмірі мен жануардың бүкіл өмір бойына жарамды ветеринариялық паспорт беріледі. Жануарлардың сәйкестік нөмірін беру құлақ сырғаларын салу, микрочиптеу немесе таңбалау арқылы іске асырылады.

7. Тіркеу кезінде жануарлардың иесі осы Қағидамен танысуы міндетті. Танысу дерегі жануар иесінің тіркеу кітабындағы қолымен расталады.

8. Сатып алғанда немесе иесі мекен-жайын ауыстырғанда жануарлар иесінің жаңа мекен-жайы бойынша екі апта мерзім ішінде тіркеледі.

9. Жануар мерт болған және ауыл шаруашылығы жануары сойылған жағдайда ветеринариялық паспорты мен сәйкестендіру нөмірі бұрын сол жануар тіркелген органға немесе мекемеге тапсырылады.

10. Тіркеу органына жануардың қолдан кетуі (сату, жоғалу, сойылу, мерт болуы, басқа тұлғаға беру) туралы оны есептен шығару немесе қайта тіркеу үшін екі апта мерзімінде хабарланады.

3. Жануарларды сатып алу, сату және тасымалдау

11. Белгіленбеген орындарда және ветеринариялық құжаттарынсыз жануарларды сатуға тыйым салынады.

12. Жануарларды аудан аумағынан тыс жерге тасымалдау аудандық жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар берген ветеринариялық паспорты мен ветеринариялық өндөулөр жүргізілгендері туралы белгісі бар белгіленген үлгідегі ветеринариялық анықтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады.

13. Ауданның аумағына шет мемлекеттерден жануарларды алып келу, алып кету Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы уәкілдегі органның рұқсаты болғанда жүзеге асырылады.

4. Жануарларды асырау тәртібі

14. Ауыл шаруашылығы жануарларын тұрғын үйлерден, пәтерлерден, мектептерден, емдеу және балалар мекемелерінен, саябақтардан, хайуанаттар бақатарынан, стадиондардан, қоғамдық тамақтандыру, сауда, тамақ өнеркәсібі қәсіпорындарынан, көпшілік демалыс орындарынан, балаларды сауықтыру лагерлерінен, демалыс үйлерінен, шипажайлардан, жасанды су қоймаларынан, артезиан құдықтарынан және өзен жағалауы мен оның салаларынан қашықтықта орналасқан арнайы жабдықталған (жабық) орындарда, "Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 бұйрығымен бекітілген өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидасына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11124 болып тіркелген) ұсталуы керек.

15. Ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау барысында жеке аулаларда ауыл шаруашылығы жануарларын арнайы жабдықталған орындарда асырауға жол беріледі.

16. Санитарлық, су қорғау аймақтарында, көшелерде, аландарда, гүлзарларда, ауыл шаруашылық жерлерінде, басқа қоғамдық көпшілік пайдаланатын орындарда қараушысыз жүрген жануарлар, қараусыз жануарлар болып есептеледі және селоның, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен белгіленген, уақытша асырау үшін арнайы жабдықталған орынға иесі анықталғанға дейін қамалуы тиіс.

17. Егер жануарлардың меншік иесінің тұрған жері белгісіз болса, жануарларды ұстап алған адам осындай жануарларды ұстаган кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына және селоның, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне мәлімдейді, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

18. Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде, жануарларды, оларды ұстап алған адамның өзінің бағуында және пайдалануында қалдырылуы мүмкін немесе онымен арнайы жабдықталған орынға уақытша тапсыруға тиіс.

19. Егер ірі малды (мүйізді ірі қара, жылқы, түйе) ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді. Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алушан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі.

20. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте, ұстап алынған қараусыз жануарларды иесіне қайтару тәртібі және иелерінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабымен анықталады.

21. Ауданның, селоның және ауылдық округтердің тұрғын үй қорының пәтерлерінде (көп пәтерлі тұрғын үйлер) ауыл шаруашылығы және жабайы жануарларды асырауға жол берілмейді.

22. Мектепке дейінгі мекемелердегі, мектептердегі және басқа үйымдар мен мекемелердегі зоологиялық бұрыштарда жануарлар мен құстарды асырауға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша жол беріледі.

23. Асыл тұқымды жануарларды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы, үй және жабайы жануарларды молықтырумен, өсірумен, көбейтумен, асыраумен айналысатын жеке заңды тұлғалар:

1) ауыл шаруашылығы, үй және асыл тұқымды жануарларды уақытылы бірдейлендіруді;

2) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы, үй және асыл тұқымды жануарларға уақытылы вакцина егуді және диагностикадан өткізууді;

3) оның түріне, жасына және физиологиясына сәйкес жануарлардың денсаулығына, әл-ауқатына қамқорлықты және пайдалануды;

4) айналадағы адамдардың және жануарлардың, сондай-ақ жануарлардың зиян келтіруінен мүліктің қауіпсіздігін;

5) уақытша оқшаулауды және биостерилизациялауды қолдану жолымен жануарларда қажетсіз тұқымның пайда болуының алдын алу бойынша шаралар қолдануды;

6) жануарлармен көлік жолдарының жанынан және одан өту кезінде олардың мінез-құлқын тікелей бақылау арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды;

7) санитариялық-гигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормалар мен қағидалардың талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

24. Жануарлардың иелері:

1) жануарлардың ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды сақтай отыра, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруы;

2) хайуанаттар бақтарындағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды асырауды, өсіруді және пайдалануды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес жүзеге асыруы;

3) қоршаған ортаның ластануына жол бермей, аумақты, мал шаруашылығы жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өндеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауы;

4) асыраумен, өсірумен, пайдаланумен, өндірумен, дайындаумен (союмен), сақтаумен, өндеу және өткізумен, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілерді тасымалдаумен (орнын ауыстыруға) байланысты, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау обьектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауы;

5) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық үйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені туралы;

өлген, бірнеше жануарлар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауы және ауруға құдіктену кезінде жануарларды ветеринария саласындағы мамандар келгенге дейін оқшаулап асырауға шаралар қабылдауы;

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілерді ветеринариялық тексеру үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге кедергісіз беруі;

7) мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің актілерін орындауы;

8) жануарларды сату үшін сою алды ветеринариялық тексеру жүргізілмей сойылуға жол берілмеу және жануарлар арнайы мал сою орындарында сойылуы;

9) ұшалары мен мүшелеріне сойғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуі;

10) ұшалары мен мүшелерінің арнайы орындарда сатылуын қадағалауы;

11) жануарларды карантиндеуді жүргізуі қажет.

25. Кеміргіштермен құрес бойынша алдын алу іс-шаралары кеміргіштердің жемшөп, тіршілік ету және көбею орындарына жетуіне кедергі келтіретін жағдайлар жасаудан тұрады.

26. Жануарларды асырау қызметі процесінде пайда болатын биологиялық қалдықтар "Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі №16-07/307 бұйрығымен бекітілген биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11003 болып тіркелген) жойылуға жатады.

27. Санитариялық және су қорғау аймақтарының шекараларында ауыл шаруашылығы жануарларын ұстаяу, есіру және бағу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасының шарттарына сәйкес белгіленеді.

5. Ауыл шаруашылығы жануарларын бағуды үйымдастыру

28. Жергілікті қоғамдастық жиынының хаттамасы негізінде кент, село, ауыл, ауылдық округ әкімдері шешім шығарады және елді мекен жерлерінде жеке сектордың ауыл шаруашылығы малдарын бағуды үйымдастырады.

29. Ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы жерлерде малдарды бағу жүктемесі, "Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстаса және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекендердің жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығымен бекітілген жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстайдың және елді мекендер үшін ауыл шаруашылық пайдаланымындағы жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтеріне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5145 болып тіркелген) сәйкес қолданылады.

30. Көшелерде, аландарда, гүлзарларда, темір жол және автомобиль жолдары иелігіндегі аймақтарда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, сондай-ақ басқа да ортақ қолданылатын жерлерде ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға жол берілмейді.

6. Қорытынды ережелер

31. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін, жануардың иесі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.